

2009 жылғы 28 қаңтардағы № 2 "Бөрлі ауылдық округі елді мекендердің құрама бөліктеріне атауларын беру туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қостанай облысы Қарабалық ауданы Бөрлі ауылдық округі әкімінің 2017 жылды 28 тамыздағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 21 қыркүйекте № 7208 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Қостанай облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 24 мамырдағы № 3 және Қостанай облысы мәслихатының 2017 жылғы 24 мамырдағы № 161 бірлескен қаулысы мен шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7123 болып тіркелген) сәйкес, Бөрлі ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бөрлі ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы № 2 "Бөрлі ауылдық округі елді мекендердің құрама бөліктеріне атауларын беру туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-12-103 тіркелген, 2009 жылғы 5 наурызда "Айна" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

1-тармақ алынып тасталсын,

3-тармақ келесі мазмұнда 7), 8), 9) тармақшалармен толықтырылсын:

"7) Зеленая көшесі;

8) Северная көшесі;

9) Орталық көшесі."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бөрлі ауылдық округінің әкімі

А. Сағынбек